

DOI:10.26104/NTTIK.2023.81.84.028

Саркытбай Саят Жетписбайулы

**КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЫЙЗАМ ЧЫГАРУУ ТИЛИ:
УКУКТУК АНАЛИЗ**

Саркытбай Саят Жетписбайулы

**ЯЗЫК ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ**

Саркытбай Саят Жетписбайулы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢ ШЫҒАРУ ТІЛІ:
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ**

Sarkytbay Sayat Zhetpisbayuly

**LANGUAGE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
LEGAL ANALYSIS**

УДК: 342.924

Мақала Қазақстан Республикасының Мыйзам чығаруу тилине арналған. Тил жана укук адистеринин пикирлеринин негизинде казак тилинин мамлекеттик тил катары ролун күчөтүү, аны улут аралык байланыштын тилине айландыруу процессинде мыйзам чыгаруу ишинин мааниси аныкталды. Ошол эле учурда, укуктук ченемдерди изилдеп, аларды түзүү боюнча иштеги кемчиликтерди атап, аларды укуктук жөнгө салуунун жолдору каралды. Мындан тышкары, Казакстан Республикасында казак тилинин терминдерин классификациялоо жана системалаштыруу концепциясын кабыл алуу, Терминологиялык комиссиянын милдеттерин толуктоо жана компетенциясын кеңейтүү, ченемдик-укуктук акт түрүндө юридикалык терминдердин бир түрдүү котормолорунун сөздүгүн жеке кабыл алуу, ченемдик-укуктук актылардын тексттеринин орус жана казак тилдерине семантикалык жактан шайкеш келбегендиги үчүн административдик жоопкерчиликти киргизүү сунушталды.

Негизги сөздөр: мыйзам чыгаруу, мамлекеттик тил, юридикалык терминология, укуктук жөнгө салуу, административдик жоопкерчилик.

Статья посвящена языку законотворчества Республики Казахстан. На основе мнений правоведов и языковедов была определена важность законотворческой работы в процессе усиления роли казахского языка как государственного, превращения его в язык межнационального общения. При этом были изучены юридические термины, названы недостатки в работе по их составлению и рассмотрены пути их правового регулирования. Кроме того, предложено принять Концепцию классификации и систематизации терминов казахского языка в Республике Казахстан, дополнить задачи и расширить компетенцию Терминологической комиссии, принять словарь юридических терминов в виде нормативного правового акта, ввести административную ответственность за семантическое несоответствие текстов нормативных правовых актов русскому и казахскому языкам.

Ключевые слова: законотворчество, государственный язык, юридическая терминология, правовое регулирование, административная ответственность.

Мақала Қазақстан Республикасының заң шығаруу тіліне арналған. Тіл және заң мамандарының пікірлеріне негізделіп қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту, ұлт-аралық қатынас тіліне айналдыру процессіндегі заң шығару

жұмысының маңыздылығы айқындалды. Бұл орайда, заң терминдерін зерттеп, оларды құрастыру жұмысындағы кемшіліктер аталды және оны құқықтық реттеу жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында қазақ тілі терминдерін жіктеу және жүйелеу Тұжырымдамасын қабылдау, Терминология комиссиясы міндеттерін толықтырып, құзыретін кеңейту, заңдық терминдердің біртекті аударма сөздігін нормативтік құқықтық акт түрінде дара қабылдау, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің орыс және қазақ тілдеріндегі мағыналық сәйкессіздігі үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізу ұсынылды.

Түйінді сөздер: заң шығару, мемлекеттік тіл, заң терминологиясы, құқықтық реттеу, әкімшілік жауапкершілік.

The article is devoted to the language of lawmaking of the Republic of Kazakhstan. Based on the opinions of jurists and linguists, the importance of legislative work in the process of strengthening the role of the Kazakh language as the state language, turning it into the language of interethnic communication was determined. At the same time, legal terms were studied, shortcomings in the work on their compilation were named and ways of their legal regulation were considered. In addition, it is proposed to adopt the Concept of classification and systematization of terms of the Kazakh language in the Republic of Kazakhstan, to supplement the tasks and expand the competence of the Terminology Commission, to adopt a dictionary of legal terms in the form of a normative legal act, to introduce administrative responsibility for the semantic inconsistency of the texts of normative legal acts in the Russian and Kazakh languages.

Key words: lawmaking, state language, legal terminology, legal regulation, administrative responsibility.

Кез келген елдің мемлекеттілігін айқындайтын негіз фактор – ол оның тілі. Сол себепті қазақ халқы үшін ана тілдің тағдыры әлбетте басты сипатта.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын арттыруды – мемлекеттік саясаттың басты бағыты деп белгіледі.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары заңнамалық қызмет қоғамдық қатынастардың ілгерілеуіне байланысты қарқынды дамыды. Заңнама айтарлықтай эволюциядан өтті және бүгінгі таңда заңдардың сапасын арттыру маңызды мәселелердің бірі.

Әсіресе, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінің түпнұсқалығы проблемасы мемлекет

қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласында өзекті болып қала береді.

Осы ретте Қазақстан Республикасының заң шығарудағы орын алып жүрген кемшіліктер болу себебін анықтап, оның алдын алу жолдарын қарастырған жөн.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі [1].

Осы норма «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабында айқындалған. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Заңның 9-бабына сәйкес **мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады**, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін [2].

Құқықтық актілер туралы заңның 24-бабы 3 тармағы бойынша нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс [3].

29-шы және 31-баптарға сәйкес заңнамалық актінің жобасы Қазақстан Республикасы Парламентіне қазақ және орыс тілдерінде енгізіледі және заң жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы уәкілетті ұйым жүргізеді.

33-бапта ғылыми лингвистикалық сараптама заңнамалық актілердің жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығы бөлігінде жүргізіледі.

38-бап Нормативтік құқықтық актілерді алғашқы ресми жариялау олар күшіне енген күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылуға тиіс [4].

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларының 9-тармағында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеудің сапасын, әдеби тіл нормаларының, заң терминологиясы мен заң техникасының сақталуын, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығын әзірлеуші мемлекеттік органдар қамтамасыз ететіндігі көзделген [5].

Жоғарыдағы заң талаптарымен бекітілген мемлекеттік тілдің биік мәртебесіне қарамастан, бүгінге

дейін заң шығару саласында қазақ тілінің ресми тілдің тасасында қалып отырғаны анық.

Осы ретте, қарастырылып отырған проблемаға мамандардың пікірлеріне тоқталсақ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Г.А. Илиясованың пікірінше елімізде қабылданып жатырған нормативтік құқықтық актілердің қазақ тілі нұсқасындағы мәтінінде қолданылған сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруда жіберілген кемшіліктер заңдағы нормалардың мәнісін түсініксіз етеді. Оның себептері келесідей: Біріншіден, нормативтік құқықтық актілердің түпнұсқалары орыс тілінде қабылданады, кейін қазақ тіліне аударылады. Қазақ тіліне аударумен заңгерлер емес, тіл білімінің мамандары айналысады. Сол себепті заң терминдері тікелей мағынада аударылып, мәнісін жоғалтады.

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: ресми аударма ісі филологтарға (бірінші мамандығы «филолог», екінші мамандығы «заңгер») жүктелген. Дұрысы заңның мәтінімен жұмыс істейтін адам міндетті түрде заңгер, яғни бірінші меңгерген мамандығы «заңгер» болуы керек. Өйткені, майталман аудармашы-филолог маманның өзі заңның мәтінімен жұмыс істеуге келгенде, сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Әрине, бұл олардың кінәсі емес. Бүгінгі күнге дейін солай болып келді, қазір де солай. Сөздің мағынасын жете түсініп, әдеби сөйлем құрғанымен, заңның тілі - ресми тіл, әр заң мен құқықтық актіде норма болатынын кез келген аудармашы түсіне бермейді. Заңдық техникадан хабары жоқ адам қазақшаға еркін аударып немесе редакциялап қойғанымен, орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, заң шығарушының ойын, яғни құқық нормасының мәнісін бұрмалайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан, заң мәтінімен жұмыс істейтін аудармашы оның мәнісін түсінетін адам, яғни заңгер болуы керек. Қазіргі кезде тіліміздегі сөздердің күнделікті мағынасымен қатар терминдік мәні, мазмұны әр-алуан. Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көпнұсқалығы, синонимдік мағыналарының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай ресми нысанда әзірленетін заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туындатады. Негізгі заңның – Конституцияның өзінде заң техникасының тілге қатысты талаптары сақтала бермейді. Мысалы, Конституцияда бір сөздің бірнеше синоним сөздерімен жазылуы («күқы», «күқығы», «күқысы», «хақы», «хақылы», «хақысы»), бір терминнің орнына әртүрлі сөздердің қолданылуы («еркіндігі», «бостандығы»).

Қолданыстағы заңдардың қазақша нұсқасын зер сала оқысақ, оған негізінен мағыналық аударма емес,

сөзбе-сөз аударма, ресми тіл емес, көркем әдебиет тілі тән екеніне көзіміз жетеді. Соның салдарынан заңның тілі әркелкі, терминдерді қолдануда бірізділік жоқ. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасын зер сала оқысақ, онда сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркем әдебиеттік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік үйлесімділіктің болмауы орын алған.

Заңды алғашқы кезеңінде орыс тілінде әзірлеу сатысында ол процеске құқық мамандарының қатысуы және негізгі жұмысты атқаруы көрсетілген заңның дұрыс әзірленуінің негізі болып табылады. Ал оның қазақша аудармасына келетін болсақ, негізі заң аударумен лингвистика мамандарының айналасатынын көре аламыз, сондықтан қазақ тіліне аударылған заңдар өзінде, алғашқы түпнұсқаға қарағанда бірнеше қайшылықтарды қамтиды.

Ғалым келесідей қорытындыларға келген:

Біріншіден, мемлекеттік тілді заң шығару тілі ретінде қалыптастыру және қолдану. Түпкі мақсатымыз – мемлекеттік тілде заң қабылдап, құжатты тікелей мемлекеттік тілде дайындауға қол жеткізу.

Екіншіден, ұлттық заңнамалардың қазақ тіліндегі мәтіндерінде заңдық терминдердің бір мағынада түсіндіріліп, бірізділікпен қолданылуына қол жеткізу үшін «Заңдық терминдердің біртекті аударма сөздігін» нормативтік құқықтық акт түрінде қабылдау қажет.

Үшіншіден, заң әдебиеттерінің мәтіндерінде заңнамалық актілердің терминдерін дұрыс қолданбау, өз бетімен аудармалар жүргізу арқылы түсініспеушіліктерді туындатпау үшін біртектілікті сақтау қажет, заңнамалық актілердегі терминдерді ғана қолдануды міндеттеген жөн.

Төртіншіден, заң шығарушының ойын, яғни норманың мәнісін бұрмалауға жол бермес үшін заңнамалық актілердің мәтіндерін аударумен заңгер-аудармашылар ғана айналысуы тиіс. Мемлекет және құқық теориясында қалыптасқан ереже бойынша заң техникасының қажетті шарты болып терминологиялардың біртектілігі табылады. Бір ұғымды түсіндіру үшін бірнеше әртүрлі терминдерді қолдануға жол берілмеуі тиіс. «Заң шығарушының ойы «құқықтың тілінде» жеткізілуі тиіс» деген қанатты сөз бар. Сондықтан, мұндай маңызды мәселені шешу қазіргі қазақстандық қоғамда құқықтық мәдениетті көтеруге септігін тигізеді деп есептеймін [6].

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты Лингвистика орталығының басшысы, з.ғ.к., доценті Н.М. Примашев ұлттық заңнаманың қазақ тіліндегі нұсқасына тән өрескел қателер мен кемшіліктер кездескендіктен, қолданыстағы ұлттық заңнамаға (екі тілдегі де нұсқаларға!), лингвистикалық мониторингті қоса алғанда, кешенді

талдау жұмыстары жүргізілуі керектігін өз мақаласында атап өткен [7].

Қазақстан Республикасының Заңнама институтының 2006 жылдан бастап шығатын журналдың материалдарын талдасақ, осы мәселелер тоқсандық әр басылымында көрініс тапқан.

Мысалы, заңнама институты Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері Н.З. Хамзинаның көз қарасына тоқталсақ. Заң жобасының орыс тіліндегі мәтіні талқыланғандықтан, мемлекеттік тілдегі мәтінінде стилистикалық немесе бірізділік бойынша қателіктерге толы болады. Сонымен қатар оған заңнама терминдерінің нормативтік құқықтық актілердегі барлығына бірдей мағынасының болмауы да кері әсерін береді. Осылайша сауатсыз дайындалған заң жобаларының мәтіндері Үкіметке, не Парламентіне енгізу мерзімі келгенде ғана сарапшылар алдына ешбір пысықталмаған күйінде келеді. Салдарынан лингвистика орталығының аудармашыларына саламқ артылады.

Заңның мазмұны тым ұзын сөйлемдермен берілмеуге тиіс, өйткені күрделі мәтін артынан оның мағынасын жоғалтып, қандай норма берілгенінің аражігін ажыратуда қиындық туындайды.

Елімізде мемлекеттік тілде жүргізілетін заңнама тілін зерттеп, ғылыми еңбектер жазған ғалымдарымыз жоқ деуге де болады.

Бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала - терминология. Қазір не көп, жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп, сөздіктер ала-құла. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әртүрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырады. Қайбір басылымдар сөзжасамның неше түрлі нұсқаларын ұсынып жүр.

Терминкомға мемлекеттік орган мәртебесін беру керек. Қазір Терминком шешімдерінің міндетті күші жоқ болғандықтан, ол бекіткен сөзді алуға да, алмауға да болады [8].

Сонымен қатар, мемлекеттік органдар заң жобаларын орыс тілінде әзірлеп, қазақ тіліне аударғандықтан қазақ тілі аударма тіліне айналып кеткені қынжылтатынын Заңнама институтының қызметкерлері Е.Сафуани, Ә.Кадирова, Г.М.Жетепова, Г.К. Ақылбекова, Д.М. Шыңғысбаева, А.А. Мединаева, М.Ә. Әбдіреева, А.М. Қасымова, Ш.Р. Мырзаева, Т.Е. Мұшанов, М.А. Айымбетов, Б.А. Шолан, Т.Е. Мұшанов, Н.Н. Исақ және басқалары өз ғылыми мақалаларында атап өткен.

Заңгер ғалымдар Н.Б. Рахимов пен С.М. Иманбаевтың пікірінше Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің алдымен орыс тіліндегі мәтінінде әзірлеп, кейін мемлекеттік тілге аудару салдарынан, сол актілер мәтіндердің бірдейлігінің (аутентичность) сақталмауына әкеледі.

Сонымен қатар, бір термин қазақ тіліне әртүрлі

аударылады. Мысалы: Конституцияның қазақ тіліндегі нұсқасындағы «принцип» сияқты халықаралық сөз аудармасыз келтіріледі, ал басқа нормативтік құқықтық актілерде, мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде «қағидат» деп аударылады, оны дұрыс емес деп санайды.

Ғалымдардың пікірінше, нормативтік құқықтық актілердің сапасыз аударма мәселесі олардың мәтіндерінің мемлекеттік және ресми тілдерде толық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін әзірлеушінің сараланған (дифференцированный) жауапкершілігін белгілейтін заңнамада нормалардың болмауымен байланысты.

Сондықтан мәселенің шешімін нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің орыс және қазақ тілдеріндегі мағыналық сәйкессіздігі үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізумен байланыстырады [9].

2022 жылы күші жойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі Регламентінің 31 тармағында мемлекеттік органдар қаулы жобаларының мемлекеттік тілде дайындалу сапасы, мемлекеттік және орыс тілдері


қағидаларының сақталуы, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің дәлме-дәлдігі үшін жауапкершілігі көзделген.

Осы Регламенттің 39-тармағына сәйкес қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалардың халықаралық шарттардың түпнұсқа мәтіндерінің біріне сәйкестігін қаулы жобасын әзірлеуге жауапты орталық мемлекеттік орган қамтамасыз етеді. Ал 104-тармағында Парламент Мәжілісіне Үкімет енгізген заң жобасының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтінінің теңтүпнұсқалы болмағаны үшін жауапкершілік заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысына жүктелген [10].


Алайда, осы норма талаптарына сәйкес ешкім жауапкершілікке тартылмаған.

Осы зерттеу шеңберінде, 2021-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының азаматтары арасында мемлекеттік тілдің конституциялық-құқықтық мәртебесі бойынша «Google Forms» кері байланыс құралы арқылы сауалнама жүргізіліп, халықтың ашық ой-пікірі алынды (766 респондет өз еркімен қатысқан болатын). Кейбір сауалдарына тоқталып кетсек [11]:

Қазақстан Республикасында заң алдымен қазақ тілінде дайындалып, қабылданғанын қолдайсыз ба?



Қазақстан Республикасы Президентінің жанында қазақ тілін нығайту және дамыту мәселелері бойынша жаңа ұйым құрылғанын қалайсыз ба?



Сауалнама нәтижесі және жоғарыда келтірілген уәждер Қазақстан Республикасында тіл саясатын қайта қарастырып, кешенді іс-шаралар жүргізуді, оның ішінде заң шығару жұмысын ретке келтіруді айқындап отыр.

Осы зерттеу нәтижелерін талдау келесіні қорытындылауға мүмкіндік береді:

1. Қазақстан Республикасындағы қазақ тілі терминдерін жіктеу және жүйелеу Тұжырымдамасын қабылдауды.

2. Терминология комиссиясы міндеттерін толықтырып, құзыретін кеңейтуді.

3. Заңдық терминдердің біртекті аударма сөздігін нормативтік құқықтық акт түрінде дара қабылдауды.

4. Терминологиялық кеңестердің дайындаған әр сала бойынша барлығына міндетті дара-сөздіктің жария етілуін.

5. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің орыс және қазақ тілдеріндегі мағыналық сәйкессіздігі үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуді.

Терминологиялық жұмыс құқықтық реттеліп, қалпына келтірілген жағдайда заң шығару тілін нығайту жолында кездесетін көптеген кедергілер өз шешімін табатын болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды - [Эл. ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүгінген күні: 20.02.2023).
2. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N151 Заңы - [Эл. ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151> (жүгінген күні: 20.02.2023).
3. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ - [Эл.ресурс] -

Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүгінген күні: 20.02.2023).

4. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ - [Эл. ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүгінген күні: 20.02.2023).
5. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 569 қаулысы - [Эл. ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000569> (жүгінген күні: 20.02.2023).
6. Илиясова Г.А. «Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер», Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, №1 (46) 2017 - 186б. - (154-163-бб.) - [Эл. ресурс] - Айналыс режимі: <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/383/395> (жүгінген күні: 20.02.2023).
7. Примашев Н.М. «Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау». Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, №3 (39) 2015. - 206 б. - (125 б.) - [Эл. ресурс] - Айналыс режимі: <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/876/788> (жүгінген күні: 20.02.2023).
8. Хамзина Н.А. «Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері», Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, №1(37) 2015. - 174б. (112-114-бб.) - [Эл. Ресурс] - Айналыс режимі: <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/686/641> (жүгінген күні: 20.02.2023).
9. Н.Б. Рахимов, Иманбаев С.М. Некоторые системные недостатки нормотворческой деятельности в Республике Казахстан. Құқық қорғау органдары академиясының хабаршысы, №4 (14), 2019. - 112 б. - (67-72-бб.) <https://academy-rep.kz/-item.php?id=552> (жүгінген күні: 20.02.2023).
10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен - [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020001300> (жүгінген күні: 20.02.2023).
11. Мемлекеттік тіл мәселесі бойынша сауалнама [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://docs.google.com/forms/d/1KvjhPULqi5mp6xEO-UneLzhFRaioiCyw-PfZlY4DvtiA/edit#responses> (жүгінген күні: 20.02.2023).